

"Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстасу қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 108 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 695 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 5 қантарда № 22026 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстасу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 108 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10528 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстасу қағидаларында:

20-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тараумен толықтырылсын:

"2-1-тарау. Кондоминиум объектісі бойынша қаржылық, техникалық құжаттаманы және өзге де техникалық құралдарды беру тәртібі

20-1. Мұліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе жай серікtestтікің сенім білдірілген адамы занды тұлға құрылған не жай серікtestтік құрылған кезден бастап немесе кондоминиум объектісін басқару нысаны өзгерген кезде 3 жұмыс күні ішінде үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің кооперативіне, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің тұтыну кооперативіне, тұтыну кооперативіне, сайланбалы немесе жалдамалы жеке тұлғаларға – тұрғын үйлерді басқарушыларға (менеджерлерге) не осындай үйді басқаратын занды тұлғаларға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама жібереді.

20-2. Заңың 42-1-бабында көзделген басқарудың бір нысанынан басқарудың басқа нысанына ауысқан жағдайда 3 жұмыс күні ішінде тұрғын үй инспекциясына мұліктің меншік иелерінің бірлестігін құру туралы немесе жай серікtestтік құру туралы не кондоминиум объектісін басқару нысанын өзгерту туралы хабарлама жіберіледі.

20-3. Осы Қағидалардың 20-2-тармағында көзделген хабарламада пәтерлердің, көппәтерлі тұрғын үйдің тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері құрған кондоминиум объектісін басқару нысанының атавы және кондоминиум объектісінің орналасқан жері қамтылуға тиіс.

20-4. Хабарламаны алған сәттен бастап, сондай-ақ осы Қағидалардың 20-1-тармағында көзделген хабарламаны жіберген адам 3 жұмыс күні ішінде бірлесіп осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бекітілген кондоминиум объектісі бойынша қаржылық, техникалық құжаттаманы және өзге де техникалық құралдарды қабылдау-берау актісін жасайды.

Үй кеңесіне немесе мұліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасына не жай серікtestіктің сенім білдірілген тұлғасына кондоминиум объектісі бойынша қаржылық, техникалық құжаттаманы және өзге де техникалық құралдарды берау осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес қабылдау-берау актісіне қол қойылғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

20-5. Беруге жататын кондоминиум объектісі бойынша қаржылық, техникалық құжаттаманың және өзге де техникалық құралдардың сандық және (немесе) сапалық құрамы бойынша орын алған келіспеушіліктер осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес қабылдау-берау актісінде көрсетіледі.

20-6. Осы Қағидалардың 20-1-тармағында көрсетілген тұлғаларға ағымдағы шоттан кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұстауға көзделген қаражатты Заңның 42-1-бабы 2-тармағының 6) тармақшасына сәйкес бекітілген шығыстар сметасында көрсетілмеген өзге де мақсаттарға пайдалануға жол берілмейді.";

Қағидаларға 3-қосымша осы бұйрыққа 1 қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 4-қосымша осы бұйрыққа 2 қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы

Индустрія және инфрақұрылымдық даму

Министрінің міндетін атқарушы

A. Ержанов

Қазақстан Республикасы

Индустрія және

инфрақұрылымдық даму

Министрінің міндетін атқарушы

2020 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 695

1-қосымша

Кондоминиум объектісінің

ортак мүлкін күтіп-ұстau

қағидаларына

3-қосымша

ХАБАРЛАМА

К._____

ЖЫЛҒЫ "___"

Кімге: _____

(кондоминиум объектісін

басқару нысанының атауы,

Т.А.Ә. (болған жағдайда),

мекенжайы

Осы арқылы Сізге көппәтерлі тұрғын үйдің пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің 2020 жылғы "___" мынадай мекенжай бойынша: _____

_____ өткен жиналысында (№____ хаттама) көппәтерлі тұрғын үйді басқару үшін "Мұліктің меншік иелерінің бірлестігі/жай серіктестік" құрылғанын, ол заңда белгіленген тәртіппен қаланың/ауданының аумақтық әділет органында тіркелгенін (тіркеу құжатының көшірмесі қоса беріліп отыр) не тұрғын үй инспекциясының тізілімінде тіркелгенін хабарлаймыз.

Жоғарыда баяндалғанға сәйкес, Сізден қабылданап алу-беру актісі жасалған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 108 бұйрығымен бекітілген Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстau қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес қаржылық, техникалық құжаттаманы және өзге де техникалық құралдарды беруді қамтамасыз етуді сұраймыз.

МИБ төрағасы/ ЖС-ның сенім білдірілген адамы

(қолы, тегі, аты-жөні)

Үй кеңесінің мүшесі

(қолы, тегі, аты-жөні)

Үй кеңесінің мүшесі

(қолы, тегі, аты-жөні)

Үй кеңесінің мүшесі

(қолы, тегі, аты-жөні)

Қазақстан Республикасы

Индустрия және

инфрақұрылымдық даму

Министрінің міндеттін атқарушы

2020 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 695

2-қосымша

Кондоминиум объектісінің

ортак мүлкін күтіп-ұстau

қағидаларына

4-қосымша

К. _____

ЖЫЛЫ " ____ " _____

**мекенжай бойынша орналасқан
кондоминиум объектісі бойынша қаржылық, техникалық құжаттаманы және
өзге де техникалық құралдарды қабылдау-беру актісі**

Үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің кооперативі, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің тұтыну кооперативі, тұтыну кооперативі, сайланбалы немесе жалдамалы жеке тұлғалар – тұрғын үйлерді басқарушы (менеджерлер) не заңды тұлғалар, осындай үйді басқарушы, мұліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы/жай серіктестіктің сенімді адамы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

атынан _____ негізінде әрекет ететін

береді, ал _____ (меншік иелері уәкілеттік берген тұлға)

пәтерлер және тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес _____ жылды _____ № _____ хаттама

бойынша кондоминиум объектісін басқаруға байланысты мынадай құжаттарды қабылдайды: _____

№	Атауы	Берілетін құжаттардың саны				
		түпнұсқа	нотариалдық көшірме	түпнұсқа көшірмесі	ксерокөшірме	тапсырды
1.	Техникалық құжаттама					
1.1	Құжаттама:					
1.1.1	- техникалық паспорттар					
1.1.2	- экспликациялар					
1.1.3	- әр қабаттың жоспары					
1.2	Инженерлік коммуникациялардың сыйбалары мен схемалары					
1.3	Механикалық жабдықтардың схемалары					
1.4	Электр жабдықтарының схемалары					
1.5	Санитариялық-техникалық жабдықтардың схемалары					
1.6	Үйдегі бір үй-жайға қызмет көрсететін өзге де жабдықтардың схемалары					
	Ресурстарды есепке алудың үйге ортақ аспаптарын					

1.7	орнату және пайдалануға қабылдау схемалары мен актілері					
1.8	Инженерлік, электрлік, механикалық, санитариялық-техникалық жабдықтарға паспорттар және т. б.					
1.9	Инженерлік электрмен жабдықтау, сұық және ыстық сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау желілерінің ресурсты жабдықтаушы үйымдармен пайдалану жауапкершілігін шектеу актілері					
1.10	Қуаттарды энергиямен жабдықтаушы үйымның желісіне қосуға рұқсат беру					
1.11	Үй құрылышы жүзеге асырылған қабылдау комиссиясына ұсынылатын атқарушы және жобалау құжаттамасы					
1.12	Жекелеген конструктивтік элементтерді (шатырлар, қоршау конструкциялары және т. б.) қараяу актілері					
1.13	Жер участкесіне мемлекеттік акт					
1.14	Міндепті қосымшалары бар объектіні пайдалануға қабылдау актісі					
1.15	Жылжымайтын мұлік объектілерін мемлекеттік есепке алу жөніндегі тиісті үйым (орган) куәландырган жер участкесінің белгілігіне жататын сервитуттың қолданылу саласы (шекарасы) белгіленген жоспармен қоса берілген сервитуттың мазмұны мен саласы көрсетілетін құжаттар					
1.16	көппәтерлі тұрғын үйдің технологиялық жабдықтарының паспорттары (пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар)					

1.17	Ортақ мұлікті құрделі жөндеу бойынша жұмыстардың нәтижелерін қабылдау туралы құжаттар (актілер) (болған кезде)					
1.18	Жалпы мұлікті ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстардың нәтижелерін қабылдау туралы құжаттар (актілер)					
1.19	Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері					
1.20	Шу мен дірілді өлшеу хаттамасы					
2.	Өзге құжаттама					
2.1	Үйдегі ортақ мұлікті қүтіп-ұстая және коммуналдық қызметтерді көрсетеу сапасы мәселелері бойынша жазбаша өтініштердің, шағымдардың және ұсыныстардың көшірмелері, берілген күнге өзекті					
2.2	Беру күнгі өзекті, үйдегі ортақ мұлікті ұстая және коммуналдық қызметтерді ұсыну сапасы мәселелері бойынша өтініштерді, шағымдар мен ұсыныстарды есепке алу журналы (кітабы)					
2.3	Еңбек жалдау шарты					
2.4	Үйді маусымдық пайдалануға дайындау актілері, паспорттар					
2.5	Үйді басқаруға берген сәтке дейін бар тұрғын үй инспекциясынан ескертулер мен бұзушылықтарды жою актілері					
2.6	Үйдің ортақ мұлкіне жататын материалдық құндылықтарды беру жөніндегі актілер (өрт шлангтары, шырактар, қаптамалар, аншлагтар, нөмірлік белгілер, пошта жәшіктері және т. б.)					
	Коммуналдық қызметтерді ұсынатын ұйымдармен					

2.7	кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтерді көрсету туралы жасалған шарттардың көшірмелері				
2.8	Сервистік қызмет субъектілерімен қызмет көрсету туралы жасалған шарттардың көшірмелері				
2.9	Басқарушы немесе басқаруши компаниямен шарттар				
2.10	Қаржылық құжаттама (бастапқы есепке алу құжаттары, қаржылық есептілік, ағымдағы шот бойынша операцияларға байланысты құжаттар), сондай-ақ қаржылық құжаттаманың көшірмелері				
2.11	Жинақ шоғында болған кезде, сондай-ақ нысаналы жарналарды жинау кезінде ақша қаражаты (жиналыстың шешімі бойынша)				
2.12	Жиналыс хаттамалары, дауыс беру парақтары				
2.13	Кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау актілерінің көшірмелері				
2.14	Кондоминиум объектісін ортақ мүлкінің құрамына кіретін үй-жайлардың кілттері				
2.15	Кондоминиум объектісін ортақ мүлкінің құрамына кіретін жабдықтарға қол жеткізуіндік электрондық кодтары				
2.16	Кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалану үшін қажетті өзге де техникалық құралдар мен жабдықтар				

2.17	<p>Ведомстводан тыс кешенді сараптамаңың оң қорытындысын алған көп пәтерлі тұрғын үйдің жобалау құжаттамасының (сметалық бөлімсіз) жобалау ұйымы куәландаған көшірмелері</p> <p>Т а р а п</p> <hr/> <p>(а т а у ы)</p> <p>Мекенжайы: _____</p> <p>-----</p> <p>-----</p> <p>— тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)</p> <p>Колы _____</p>				
		Т а р а п		(а т а у ы)	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК